

Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесін оқыту

Қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгері, публицист, драматург, аудармашы әрі сыншы Ғабит Мүсіреповтың артына қалдырған мұрасы өте бай. Ұлттық әдебиетіміздің көркемдік деңгейін арттыруда өлшеусіз үлес қосқан, ұлтымыздың рухани өмірінде елеулі орын алатын жазушымыз Ғ.Мүсіреповтың шеберлігі жөнінде белгілі ғалым З.Ахметов: «Ғабит Мүсіреповтың жазушылық шеберлігі дегеніміз – алдымен ел өміріндегі ең келелі саяси-қоғамдық, ой-саналылық, мәдениеттің мәселелерді терең болғап түсіну, ой түйю, пікір қорыту шеберлігі, халық тіршілігіне, тағдырына қатысты сан алуан құбылыстарды суретшіше сергек сезініп қабылдай білу, бейнелеп көрсете алу шеберлігі» [1, 2] деп жазған болатын. Демек, жазушы өзі өмір сүрген дәуірдің қыры мен сырын толық ашып көрсетті. Оның көтерген мәселелері салмақты, тақырыптары өзекті болғандығына ешкімнің таласы жоқ. Автор сөз еткен сан алуан тақырыптың ішінен біздің бүгінгі сабағымыз үшін маңызды болып отырғаны – аналар тақырыбы. Адам өміріндегі ең аяулы да құдіретті жан туралы әлем әдебиеті тарихында жүздеген жылдардан бері сөз болып келе жатыр (Ги де Мопассан, М.Горький т.б.). Ал қазақ әдебиетіндегі ана тақырыбына тереңдеп барып, бір емес бірнеше шығармасын ана тақырыбына арнап, қазақ әйелінің – қазақ анасының ішкі жан дүниесіне үңіліп, айқын аша білген дарынды да, талантты қаламгер – Ғабит Мүсірепов болды.

1933 жылы жазушы М. Горькийдің «Адамның анасы» («Рождение человека») және «Өлімді жеңген ана» («Легенда о Тимурлане») деген екі әңгімесін қазақ тіліне аудара отырып, сәл ықшамдап, кей идеясын өткірлей аша түсіп, кей ойын өзінше, сәл басқаша қорытады. Гуманист жазушы М.Горькийдің адамзат баласын дүниеге әкелген, өмірге рух себуші «Ана» туралы ой-толғамдары мен ерекше махаббаты, бағалауы яғни Ғабит Мүсіреповқа үлкен ой салады. Жазушының «Келді адам өмірге» деген әңгімесіне Ғабит Мүсірепов «Адамның анасы» деп ат қойып, оқырман назарын, шығарманың негізгі салмағын анаға, ананың киелі махаббатына аударады. Бұдан соң жазушы қаламынан туған дүниелер: «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», (1933), «Ер ана» (1942), «Ақлима» (1944) атты туындылар болып табылады.

Ғабит Мүсірепов Горький сияқты оқиғаға тікелей араласып, кесімін айтып, өз сезімін білдіре бермейді – романтикалық тұлғалар туған өлкенің арынды да ағынды, отты да өршіл тірлігімен біте қайнасып, көтеріңкі рух, қайсар мінез байқатады. Кәдуілгі қазақ даласында өскен: Қапия, Нағима, Ақлима аналардың өздері де, сөздері де өткір, өктем, Жыртқыш аң, долы табиғат, жауыз да, батыр да ана жүрегінің алдында бас иеді. ашынған ана жалғыз ұлын ажалдан арашалап алып қалу үшін аштыққа көнеді, жалаңаштыққа төзеді, зынданға түседі, азаптың бәрін көреді, шыдайды, аяғында абақтыдан шыға сала жан түршігерлік азаптың бәрін ұмытып, жалғызын көру үшін аулына қарай құстай ұшады [2].

Ғ.Мүсірепов қазақ әдебиетінде көркем сөздің хас шебері екендігін берілген тапсырманы орындай отырып, жазушы туындыларының ішінен студенттер өздеріне ерекше әсер еткен немесе толғандырған тұстарынан жатқа үзінді оқу не дәптерлеріне түсіріп алып, сабақ барысында оқып беру. Бұл студенттер бойында оқыған шығарманы есте сақтауға, жазушының жазу шеберлігін танытуға және мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыра отырып, дамыта түсу.

Сабақтың *мақсаты*: қазақ әдебиетінің классигі, академик, халық жазушысы, әлем таныған айтулы сөз шеберлерінің бірі – Ғ.Мүсіреповтың *көркемдік әлемін, суреткерлік шеберлігін* «Аналар» топтамасы негізінде жазылған әңгімелерін арқау ете отырып, студенттерге таныту; сабақ барысында студенттерге жетекші сұрақтар қою арқылы Ғ.Мүсіреповтың аналар образын сомдаудағы шеберлігі шығарма сайын ширығып, шындала түскендігін, бірден-бірге өрлеп, ең биіктерге көтерілген жазушы екендігін студенттердің өздеріне айтқызу.

Тақтаға сабақтың *жоспары* ілінеді:

1. Ғ. Мүсіреповтың өмірі мен шығармашылығы жайында (слайд – 3 мин. студент сөйлейді)
2. Топтық жұмыс: Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесі («Ұлпан», «Ашынған ана», «Ананың анасы» шығармалары негізінде)
3. Ғабит Мүсірепов – көркем сөз зергері (мәнерлеп оқу)
4. Шығармашылық тапсырма

Сабақтың бірінші кезеңінде көрсетілетін *слайдтың жалпы мазмұнында* қамтылатын дүниелер:

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы (1902-1985)

- 1958 – ҚР ҒА-ның академигі;
- 1970 – Қазақстан Мемлекет сыйлығы;
- 1974 – Социалистік Еңбек Ері;
- 1977 – ҚР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд.сый.лауреаты;
- 1962-1972-1974 – үш рет Ленин ордені;
- 1957 - Еңбек Қызыл Ту ордені;
- 1972 – Октябрь революциясы ордені;
- 1982 – Халықтар достығы медальмен;
- 1984 – Қазақстанның халық жазушысы;
- (слайд – 3 студент сөйлейді).

ЖАЗУШЫ: «Қос шалқар», «Тулаған толқында», «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі», «Талпақ танау», «Алғашқы адамдар», «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Шұғыла», «Үздіксіз өсу», «Тюнель», «Жайлау жолында», «Тұтқын қыз», «Жеңілген Есрафил», «Ер ана», «Ақлима», «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан», «Жат қолында» әңгіме, повесть, романдардың авторы.

ДРАМАТУРГ: «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесалары халықтың лиро-эпостық жырлар негізінде туған. «Ақан Сері – Ақтоқты», «Амангелді», «Болашаққа аманат», «Қыпшақ қызы Аппақ» атты

драмалық шығармалар жазған. «Амангелді», «Махаббат туралы дастан», «Қыз Жібек» фильмдерін жазған.

ҚОҒАМ, МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ: 1932 жылы халықтың басына төнген аштық нәубеті жайында республикаға танымал адамдармен бірлесіп БКП(б) қазақ өлкелік комитетіне «Бесеудің хатын» жолдады. Б.Майлинге араша түсіп, «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген сөз бүгінгі күні аңызға айналған.

Ғ.Мүсірепов жайындағы ғалымдар айтып қалдырған (М.Әуезов, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин т.б.) жылы лебіздер, ойлар, ғылыми бағаларды слайдтан көрсете, оқи, талдай отырып, Мүсіреповтың адами болмысына, шығармашылығына ғалымдар көзқарасы бойынша баға беріп, сабақты қорытындылаймыз.

Зейнолла Қабдолов: «Қастары қиғаш-қиғаш біткен қара кісі паң да, тәкаппар да емес. Дауысын көтере сөйлегенін, бір адамға суық жүз көрсетіп, қабак шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес. Айбар барын өзі де жақсы білетін болғандықтан, күдірет тізгінін қаңтарып ұстайды. Бұйырғаны – өтінгендей ғана, кесім айтқаны – бітім айтқандай ғана.

Дмитрий Снегин: «Талант пен Тұлға Ғабиттің бойына таң шуағының күні бойы дүниені нұрға бөлеп келіп, кешкі шапаққа астасуындай керемет үйлесуші еді».

Нығмет Ғабдуллин: «Ғабит аға сөз өнеріне келгенде, өзіне де, өзгеге де қатал талаппен қарайтын. Шығарманы қаламмен емес, кәдуілгі қара қарындашпен жазатұғын».

Зейнолла Қабдолов: «Ғабит Мүсіреповты мақтамайық, Ғабит Мүсіреповпен мақтануымыз керек».

2. Топпен жұмыс:

1-тапсырма. «Өлімді жеңген ана» шығармасы бойынша драмалық қойылым қою. Көрініс қою арқылы автор шығармасындағы образ түрлеріне, оның ерекшелігіне талдау жасау.

2-тапсырма. Ғ.Мүсіреповтың аналар тақырыбына арналған шығармаларындағы тарихпен байланысын, тарихи шындықтың қаншалықты деңгейде нақты көрініс тапқандығын ажыратыңыз.

3-тапсырма. Қазақ әдебиетіндегі аналар бейнесін ерекше психологиялық иіріммен сомдаушы Ғ.Мүсіреповтың шығармаларын әлем әдебиетіндегі аналар образына кеңінен тоқталған (Ги де Мопассан, Рабиндранат Тагор т.б.) жазушылар шығармаларымен, ана образын жасау ерекшелігімен салыстырыңыз.

3. Ғ.Мүсіреповтың аналар тақырыбындағы шығармалары бойынша аналар образын талдауға арналған жетекші сұрақтар:

- Біз Ғ.Мүсірепов әңгімелерін оқи отырып, қандай аналар бейнесін тануға болады?
- Ғ.Мүсірепов аналар образын сомдауда қандай ерекше поэтикалық көркемдегіш сөздерді пайдаланған?

- Автор тек Анаға ғана тән қандай қасиеттерді сомдай білген деп ойлайсыздар?
- Сендер оқыған шығармалардағы барлық Аналарға тән қандай ортақ қасиет бар?
- Сенің Анаң мен Ғ.Мүсірепов сомдаған ана бейнесінің арасында қандай ұқсастықтар бар?

4. Шығармашылық жұмыс. Бұл кезеңде студенттер жазушы сомдаған аналар бейнесін оқи отырып, менің анам қандай, менің анаммен Ғ.Мүсірепов сомдаған аналар бейнесінің арасында қандай ұқсастықтар бар деген ойға қалады. Өздерінің ішкі сезімдерін, аналарына деген балалық махаббатын қағаз бетіне түсіреді. Бұл үй тапсырмасы болған соң, оған жанр жағынан шектеу қойылмайды. Студент еркін, алаңсыз шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік беріледі. Нәтижесінде, топтың барлық студенттері шығармашылық жұмысқа аса белсенділік танытқанын байқадық. Ең үздік туындылар филология факультеті бойынша жарияланатын студенттердің шығармашылық жинағына енді. Сонымен бірге, ҚазМемҚызПУ-дан шығатын «Алашшыл жас» деп аталатын студенттердің ғылыми-танымдық журналға жарияланды (2013 ж. №2).

Сабақтың нәтижесінде:

- Білім алушы тақырыптың мазмұнын аша біледі.
- Ғылыми дереккөздері мен жұмыс істей алады.
- Ғылыми ақпараттарға талдау жасап үйренеді.
- Әдеби теориялық мәселелерді шешу көзқарасы қалыптасады, пікір айту дағдысы қалыптасады.
- Студенттердің зерттеушілік қабілеттері артады.

Сабақтың соңы Ғ.Мүсіреповке арналған лебіздермен аяқталады. Студент бұл тапсырманы орындау үшін берілген материалдарды толық оқып шығуына тура келеді, себебі, ең үздік лебіздер, пікірлер, ғылыми бағалар ғана Ғ.Мүсіреповтың әлемін ашып береді. Студенттерге оқыған материалын оқи отырып, талдауды, өз пікірін қалыптастыруды, өз көзқарасын дәлелдеп шығуға үйрету.

Аннотация: Қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгері, публицист, драматург, аудармашы әрі сыншы Ғабит Мүсіреповтың артына қалдырған бай мұрасы хақында және ұлттық әдебиетіміздің көркемдік деңгейін арттыруда өлшеусіз үлес қосқан, ұлтымыздың рухани өмірінде елеулі орын алатын жазушымыз Ғ.Мүсіреповтың шеберлігі жөнінде сөз болады.

Жазушының көтерген мәселелері салмақты, тақырыптары өзекті болғандығы, автор сөз еткен сан алуан тақырыптың ішінен біз үшін маңызды болып отырғаны – аналар тақырыбы. Адам өміріндегі ең аяулы да құдіретті жан туралы әлем әдебиеті тарихында жүздеген жылдардан бері сөз болып келе жатыр (Ги де Мопассан, М.Горький т.б.). Ал қазақ әдебиетіндегі ана тақырыбына тереңдеп барып, бір емес бірнеше шығармасын ана тақырыбына арнап, қазақ әйелінің – қазақ анасының ішкі жан дүниесіне үңіліп, айқын аша білген дарынды да, талантты қаламгер – Ғабит Мүсіреповтің аналар

тақырыбындағы шығармаларын жоғары оқу орын студенттеріне оқыту, аналар бейнесін жан-жақты толық ашу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов З. Алғыр ой, сергек сезім // Қазақ әдебиеті. 1972, 17 март.
2. Ғабит Мүсірепов. Білімділер порталы.